

Кәсіпорындардың балансындағы тұрған әлеуметтік мәдени-тұрмыстық объектілерді жергілікті атқару органдарына берудің және оларды одан әрі пайдаланудың тәртібі туралы Ережені бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 14 шілде N 975

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 29 шілдедегі N 849 P940849_ (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 32, 355-бап) қаулысымен бекітілген 1994-1995 жылдары реформаларды тереңдету және экономиканы тұрақтандыру жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-әрекеті Жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Кәсіпорындардың балансында тұрған әлеуметтік мәдени-тұрмыстық объектілерді жергілікті атқару органдарына берудің және оларды одан әрі пайдаланудың тәртібі туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. Облыстардың, Алматы қаласының әкімдері тиісті министрліктермен келісе отырып, объектілерді кәсіпорындардың балансынан жергілікті атқару органдарының қарамағына кезеңмен беру жөніндегі қажетті шараларды әзірлесін және жүзеге асырсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 14 шілдедегі
N 975 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Кәсіпорындардың балансында тұрған әлеуметтік мәдени-тұрмыстық объектілер жергілікті атқару органдарына берудің және оларды одан әрі

пайдаланудың тәртібі туралы
Е Р Е Ж Е

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже кәсіпорындардың балансында тұрған денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, тұрғын үй қоры және басқа әлеуметтік саланың (бұдан әрі - әлеуметтік мәдени-тұрмыстық объектілер) мекемелері мен ұйымдарын, сондай-ақ ғылыми мекемелер-агроқалашықтар жанындағы (бұдан әрі - кәсіпорындар) әлеуметтік инфрақұрылымының объектілерін жергілікті әкімдердің қарамағына берудің және бұл объектілерді одан әрі пайдаланудың тәртібін белгілейді.

Жергілікті атқару органдарына берілуге сол аймақ және тұтас алғанда республика үшін әлеуметтік маңызы бар әлеуметтік мәдени-тұрмыстық объектілер жатады.

Кәсіпорындардың балансында тұрған және оның әлеуметтік инфрақұрылымын қалыптастыру үшін қажетті әлеуметтік мәдени-тұрмыстық объектілер кәсіпорындардың балансында қалуы мүмкін. Мұндай объектілерді одан әрі ұстау осы кәсіпорынның қаржы есебінен жүзеге асырылады.

2. Кәсіпорындардың балансында тұрған әлеуметтік мәдени-тұрмыстық объектілерін жергілікті әкімдердің иелігіне берген кезде олардың мүлкі баланстық құны бойынша ө т е у с і з б е р і л е д і .

3. Жергілікті әкімшіліктің балансына берілген объектілер сатуға (тұрғын үй қорынан басқасы), сондай-ақ қызмет бейімін өзгертуге жатпайды және одан әрі тікелей өз мақсатында пайдаланылады. Қажет болған кезде жекелеген жағдайларда мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі аумақтық комитеттердің және салалық министрліктердің келісімімен жергілікті атқару органдары әлеуметтік мәдени-тұрмыстық объектілерді қайта бейімдеуі мүмкін.

II. Әлеуметтік мәдени-тұрмыстық объектілер мен тұрғын үй қорын қабылдау-беру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру

4. Аталған объектілерді жергілікті атқару органдарының қарамағына қабылдау-беру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру үшін құрамында мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі аумақтық комитеттердің, жергілікті әкімдер жанындағы қозғалмайтын мүлікке баға беру және тіркеу басқармаларының, объектілерді беретін кәсіпорындардың басшылары, жергілікті атқару органдарының өкілдері бар аумақтық к о м и с с и я л а р қ ұ р ы л а д ы .

5. Аумақтық комиссиялар берілетін объектілер бойынша мынадай деректердің д а я р л а н у ы н қ а м т а м а с ы з е т е д і :

кәсіпорындардың балансында тұратын және жергілікті атқару органдарына беруге

жататын сол аймақ және тұтас алғанда республика үшін әлеуметтік маңызы бар әлеуметтік-тұрмыстық объектілердің жалпы тізбесі;

объектілер туралы жалпы мәліметтер - құрылымы, қызметінің түрі, жүйесі, объектінің штаты және құрамы, қаржыландыру көлемі; аталған объектілерді беру кестесі (кезегі).

6. Объектілерді беру кезегі, әдеттегідей, мынадай тәртіппен айқындалады:

а) конверсияланатын кәсіпорындардың балансында тұрған және 1995 жылға арналған республикалық бюджетте аталған мақсаттар үшін көзделінген қаржылар шеңберінде республика Үкіметінің шешімімен бекітілген тізілімге сәйкес жергілікті әкімдердің балансына беруге жататын әлеуметтік мәдени-тұрмыстық объектілер (мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері, медициналық-санитарлық бөлімдер, тұрғын үй қ о р ы) ;

б) қала түзетін кәсіпорындардың, ғылыми-мекемелер-агроқалашықтардың балансында тұрған әлеуметтік мәдени-тұрмыстық объектілер. Бұл объектілер 1995-1996 жылдарда жергілікті әкімдердің балансына жергілікті бюджеттің қаржылық мүмкіндігіне қарай беріледі;

в) а) және б) тармақшаларында ескерілмеген әлеуметтік мәдени-тұрмыстық объектілер жергілікті бюджет қаражаты мен қосымша тартылған көздердің есебінен ұсталынып келіп 2000 жылға дейін жергілікті әкімдердің балансына беріледі.

7. Кәсіпорындардың балансында тұрған және жергілікті атқару органдарына беруге жататын әлеуметтік мәдени-тұрмыстық объектілердің тізбесін жергілікті әкімдер алдағы жылдың мемлекеттік бюджеттің жобасын жасау үшін белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне және тиісті салалық министрліктерге (ведомстволарға) жыл сайын беріп отырады.

І І І . Б е р у т ә р т і б і

8. Кәсіпорындардың қарамағында тұрған объектілерді қабылдау-беру мәселелерін жергілікті әкімдер қарайды және беретін жақтың келісімі бойынша қаржыландыру көздерін көрсете отырып, оның берілгені туралы шешім қабылданады.

9. Қабылданатын объектілер техникалық түзу күйінде болуы керек. Объектілердің қызмет бөлмелері, техникалық құжаттамаларымен және құрал-саймандарымен бірге қабылданады. Аталған құжаттамалар болмаған кезде беруші жақ оларды қалпына к е л т і р у г е т и і с .

10. Объектілерді беру қабылдаушы мен беруші жақтар қол қойған және мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі аумақтық комитет бекіткен қабылдау-беру актісінің негізінде ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Жекелеген жағдайларда әлеуметтік мәдени-тұрмыстық объектіні қабылдау-беру актісінде оны қаржыландырудың көздерін анықтайтын қосымша шарттар берілуі

м ү м к і н .

11. Объектілерді қабылдау-беру актілерінде: берілетін объектілердің жүйесі, штаты, құрамы; қажетті техникалық сипаттамасы, олардың баланстық құны көрсетілген қызмет бөлмелерінің тізбесі нақты көрсетілуге жатады.

Кәсіпорындардың, ұйымдардың қаржылық жоспарында қарастырылған қаржылық және басқа көрсеткіштер әлеуметтік-мәдени сала мекемелерінің бекітілген шығындар сметасына сәйкес беріледі. Бұл орайда ажыратылған баланс қоса беріледі.

12. Объектілерді қабылдау-беру актісі барлық қосымшалармен бірге 4 дана етіп жасалады, олардың біреуі - жергілікті әкімге, тағы бірі - берілетін объекті тұрған жердегі қаржы органына жіберіледі.